

"Химпром" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 31 тамыз 1993 ж. N 750. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.10.26. N 1383 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін және химия мен мұнай химиясы кешендерінің өндіріс қуатын және ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту, ғылымға сүйенетін және жоғары технологиялық өнім түрлерін өзінің шикізат базасы негізінде шығаратын жаңа өндірістер құру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Химия және мұнай химиясы кешендерінің осыған тіркелген қосымшаға сәйкес кәсіпорындары негізінде "Химпром" мемлекеттік холдинг компаниясы құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

белгіленген тәртіппен Компания құрамына енгізілген кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлік иелену, пайдалану және басқару хұқығын, сондай-ақ акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару хұқығын "Химпром" компаниясына беретін болсын.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың акционерлік қоғамдарға қайта құрылу дәрежесіне қарай акциялардың тиісті мемлекеттік бақылау пакеттері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті сататын акциялар пакетінен басқасы, Қазақстан Республикасында Мемлекет иелігінен алудың және жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезеңі) арналған Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіп бойынша "Химпром" компаниясының иеленуіне, пайдалануына және басқаруына беріледі деп белгіленсін;

бір айлық мерзімде құрылтай құжаттарының пакетін әзірлесін;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігімен бірлесіп бір ай мерзімде "Химпром" компаниясының мүліктік кешенін қалыптастыру жөніндегі жұмысты әзірлейтін болсын.

3. "Химпром" компаниясына:

Компанияға енгізілген кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың қызметін

үйлестіру;

нарықтық қатынастарды қалыптастыру жағдайында ғылыми-өндірістік әлеуетті тиімді пайдалану;

қолда бар қаржы мен материалдық ресурстарға сүйеніп, Компанияға енгізілген барлық ұйымдардың техникалық дамуына жәрдемдесу;

мемлекеттік басқару органдарының инвестициялық саясатын жүргізу;

Компанияның құрамына енгізілген шаруашылық жүргізетін

субъектілер арасында өзара тиімді ынтымақтастықтың дамуын қамтамасыз ету жүктелсін.

4. "Химпром" мемлекеттік холдинг компаниясының орналасатын жері Алматы қаласы деп анықталсын.

5. Алматы қаласының әкімі, мемлекеттік мүлік жөніндегі Алматы қалалық аумақтық комитеті Компанияның атқарушы аппаратын орналастыру үшін қажетті қызметтік үй-жай бөліп, оны техникалық құралдармен, телефон және телекс байланысы арналарымен қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 31 тамыздағы

N 750 қаулысына

Қосымша

"Химпром" мемлекеттік холдинг компаниясының

құрамына енгізілетін кәсіпорындардың

Т І З Б Е С І

"Ақтауполимер" акционерлік қоғамы, Маңғыстау облысының Ақтау қаласы

Рудный химия талшығы зауыты, Қостанай облысының Рудный қаласы

"Карбид" өндіріс бірлестігі, Қарағанды облысының Теміртау қаласы

"Химпром" өндіріс бірлестігі, Павлодар қаласы

Ақтөбе хром қосындылары зауыты, Ақтөбе қаласы

"Дендер" өндіріс бірлестігі, Атырау облысының Индербор поселкесі

"Қазхимреактив" химия реактивтерімен жабдықтау және өткізу
жөніндегі кәсіпорын, Алматы қаласы

"Қазхимжөндеу" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

"Фосфохим" өндіріс бірлестігі, Ақтөбе облысының Алға қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК